



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАР

2017 жылғы 10 сәуір

Қазақстанда базалық мөлшерлеме 11% деңгейде сақталды

Бүгін 10 сәуірде Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені +/-1%-дық симметриялық дәлізбен 11% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады. Өтімділік беру операциялары бойынша мөлшерлемелер 12%-ға тең, ал өтімділік алу операциялары бойынша мөлшерлемелер 10%-ға тең болды. Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Алматы қ. телевизиялық БАҚ үшін өткізілген брифингте сөйлеген сөзінде хабарлады.

«Инфляция болжамды және нысаналы аралыққа сәйкес келеді. Жылдың басынан бері байқалған іскерлік белсенділіктің өсуі, ішкі қаржы нарықтарындағы тұрақты ахуал базалық мөлшерлемені келесі жолы қайта қарау кезінде базалық мөлшерлеменің төмендеу ықтималдығын арттырады», – деді ол.

Д. Ақышев атап өткендей, инфляция Ұлттық Банктің болжамды дәлізі және болжамдары шегінде сақталады. Мәселен, наурыздың қорытындысы бойынша жылдық инфляция 7,7%-ға дейін төмендеді. «Халықтың инфляциялық күтулері тұрақтанды. Бір жыл бұрын алдағы инфляциялық күтулерді сандық бағалау наурызда 6,1%-ды құрады. Осылайша, халықтың күтулері инфляцияның нақты мәнінен төмен деңгейде қалыптасады», – деді қаржы реттеушісінің басшысы.

Халықтың девальвациялық күтулері соңғы жылдары барынша төмен деңгейде тұр – Д. Ақышев

Қазақстанда халықтың девальвациялық күтулері бойынша ахуалдың жақсарғаны байқалады. Теңгенің нығаюын күтетін респонденттердің үлесі пікіртерім жүргізілгеннен бастап ең жоғары деңгейге жетіп, 22%-ды құрады. Бұл жөнінде бүгін телевизиялық БАҚ-қа үшін арналған дәстүрлі брифинг барысында ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев хабарлады.

«Нарыққа қатысушылар теңге бағамының тұрақтылығын күтетінін жеткізілмейтін валюталық форвардтар бойынша мөлшерлемелер білдіреді», – деді Д. Ақышев. «Соңғы жылдары девальвациялық күтулер барынша төмен деңгейде тұрғанын атап өткен жөн, – деді ҚРҰБ басшысы. – Валюта нарығындағы ахуал тұрақты. Жыл басынан бері теңгенің биржалық бағамы 6%-ғанығайып, бір АҚШ доллары үшін 313,21 теңге болды. Ұлттық Банк бағамды белгілеуге араласпау саясатын жалғастыруда және 6 айдан астам өктемділік жүргізбеді».

Д. Ақышев Ұлттық Банктің АВР және Ұлттық қордың валюталық активтері бойынша да статистиканы келтірді. Мәселен, наурыздың соңында Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтері, алдын ала деректер бойынша, жыл басынан бері 473 млн. АҚШ долларына ұлғайып, 30 млрд. АҚШ доллары болды. Ұлттық қордың шетел валютасындағы валюталық активтері наурыздың соңында 62,6 млрд. АҚШ доллары, жалпы халықаралық резервтері 92,6 млрд. АҚШ доллары немесе ІЖӨ-ден 69% болды.

Халықтың теңгеге валюталық басымдық беруінің теңге жағына қарай ауысуы жалғасуда – Д. Ақышев

Халықтың шетел валютасын сатып алу көлемі біртіндеп төмендеуде, ақпанда нетто-сатып алу көлемі 193,4 млн. АҚШ доллары болды, ол 2016 жылғы шілдеден бастап ең аз көрсеткішті көрсеткен. Ол туралы ҚР Ұлттық Банкі Төрағасы Данияр Ақышев Алматы қаласында телевизиялық БАҚ-қа арналған брифингте сөйлеген сөзінде айтты.

Д. Ақышев валюталық басымдықтардың ауысуы депозит нарығында да, бірақ баяу қарқынмен байқалғанын айтты. «2017 жылғы наурыздың алдын ала қорытындысы бойынша шетел валютасындағы депозиттердің және теңгедегі депозиттердің үлесі тең деңгейге жетті», – деді ол.

Брифинг барысында Ұлттық Банк басшысы ақша нарығында артық өтімділіктің сақталып отырғанын хабарлады. «Инфляциялық қысымды ұстап тұру үшін Ұлттық Банк қысқамерзімді ноттарды шығарады. 7 сәуірде бір жылдық ноттарды орналастыру бойынша осы жылғы төртінші аукцион өткізілді, оларға сұраныс ұсыныстан асады – деп атап өтті. – Жалпы алғанда, наурыздың соңында Ұлттық Банктің өтімділікті таза алуы 2338,65 млрд. теңге болды. ҚРҰБ-тың ашық ұстанымдарының көлемі тікелей РЕПО операциялары бойынша 12,42 млрд. теңге, кері РЕПО операциялары бойынша – 324, 70 млрд. теңге болды, Ұлттық Банктегі банк депозиттерінің көлемі – 449,2 млрд. теңге болды. Айналыстағы қысқамерзімді ноттар 3198,06 млрд. теңгеге жетті. Ақша нарығының мөлшерлемелері мөлшерлемелердің белгіленген дәлізі ішінде болды».

Ұлттық Банк ақша-кредит жағдайларының 2017 жылдың екінші тоқсанында жеңілдеуін күтеді

Қазақстан Ұлттық Банкі базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер қабылдаған кезде қаржы нарығындағы ахуалмен қатар нақты экономикада қалыптасқан жағдайға баса назар аударады. Экономиканы қалпына келтірудің байқалған белгілері елдегі іскерлік белсенділіктің жандануы туралы анық белгі беріп тұр. Бұл жөнінде ҚР Ұлттық Банктің Төрағасы Данияр Ақышев телевизиялық БАҚ-қа арналған Алматы қаласында өткен брифингте хабарлады.

Оның айтуы бойынша, «экономиканың базалық салаларының дамуын көрсететін қысқамерзімді экономикалық индикатор өсу аймағында тұр және 2017 жылғы ақпанда 2013 жылғы желтоқсаннан бастап 103,7% ең жоғары мәнге жетті».

«Экономиканың даму перспективаларына қатысты халық арасында жүргізілген пікіртерім оң көңіл-күйдің бар екенін растайды, бұл іскерлік белсенділік үшін қолдау факторы болады. Тұтынушылық сұраныс одан әрі жоғары өсуі мүмкін біртіндеп жаңаруы орын алуда», – деп атап өтті Д. Ақышев.

ҚРҰБ Төрағасы 2017 және 2018 жылдары ішкі нысаналы дәлізде болатын инфляция бойынша реттеушінің болжамын айтты. «Инфляцияның нақты деңгейінің болжамды деректерге одан әрі сәйкес келгенде ақша-кредит талаптарының жеңілдеуін ағымдағы жылғы 2-тоқсанда күтуге болады», – деді Д. Ақышев.

Ол сондай-ақ, Базалық мөлшерлеме бойынша кезекті шешім 2017 жылғы 5 маусымда Астана уақыты бойынша 17:00-де жарияланатынын хабарлады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz